# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

316, 317, 318, 319, 320, 321, 322 (құпия), 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына 316-Қосымша

*Ескерту. 316-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N* 438 *, 2005.05.25. N* 509 *, 2005.10.22. N* 1062 *қаулыларымен.*

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1690800 мың теңге (бір миллиард алты жүз тоқсан миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 12-14-баптары , " Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңының 5-1 , 5-2-баптары , "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы"

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңы , "Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы , "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 6, 17-1, 21, 23, 24, 28-баптары, "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 6, 14, 16-баптары, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3 , 8 , 21-25-баптары , "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18, 23, 28-баптары , " Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 32-бабы , " Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 8 , 21-бабы , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы , "2005 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың қызметін жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 маусымдағы N 427 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы , "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Индустриялдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Санаттар бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің қызмет тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін мемлекеттік бюджет және смета (бюджет) есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының жұмыс органдарының еңбек төлемінің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы , "Қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндірісімен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 120 қаулысы , "Қару-жарақ, әскери техника, сондай-ақ олардың өндіріс пен байланысты шикізаттар, материалдар, жабдықтар, технологиялар және қызметтерге экспорттық бақылау жасаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 тамыздағы N 1025 қаулысы , "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысы , "Қазақстан Республикасында

тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысы , "Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігінің және оны дамыту шараларының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 715 қаулысы ; "Өлшем құралдарын тексеру, шығару және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 маусымдағы N 867 қаулысы , " Экспорттық бақылауға жататын өнімдер тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 қаулысы , "Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысы , "Мемлекеттік қызметшілерді оқытудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы , "Қазақстан Республикасы өнімінің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысы , "Сапа саласындағы конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 1826 қаулысының күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 1532 қаулысы , "Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының сауда өкілдігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қарашадағы N 1222 қаулысы , "Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметін тексеруді өткізудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі орталық аппараты мен аумақтық органдарының өздеріне жүктелген функцияларын барынша тиімді орындау үшін қызметін қамтамасыз ету. Қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес өз қызметтік міндетін тиімді орындау үшін кәсіби қызмет саласындағы құрылымының бағдарламалар бойынша кәсіби және тәжірибелік білімдерін, біліктілігі мен дағдыларын жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің орталық және аумақтық бөлімшелерінің аппараттарын ұстау, активтер сатып алу. Ресей Федерациясының сыртқы сауда саласында Қазақстан Республикасының мүдделерін таныту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен шетел

елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуына жәрдемдесу. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі процесін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерін жоғарылату.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 001 | | Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін штат санының бекітілген лимиті 458 бірлік санда қамту, оның ішінде индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жүргізу. Белгіленген нормативтік | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

қалыпқа сәйкес 16 бірлік сандағы автокөлікті ұстау және жалдау. Өнімдер тізімдемесін жүргізу оның ішінде:
- шағын бизнес кәсіпорындары шығаратын өнімдер;
- отын-энергетикалық кешен кәсіпорындары шығаратын өнімдер; Қазақстан Республикасының өзге де кәсіпорындары шығаратын өнімдері "Қазақстанның үздік тауарлары" конкурсын өткізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру, оның ішінде:
1) Сараптамалық бағалауды ұйымдастыру:
- конкурс критерийлері бойынша оқыту семинарын өткізу;
- тәуелсіз сарапшылар (консультанттар) конкурсқа қатысушылардың материалдарына сараптама жүргізу;

- сарапшылардың тиісті жерлерге жол жүруі;
- барлық конкурсқа қатысушыларға сараптамалық қорытындыларды ұсыну.
2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Сыйлығының иегерлерін марапаттау рәсімін ұйымдастыру және "Қазақстанның үздік тауарлары" конкурс-көрмесін өткізу - 2 күн, соның ішінде:
- үй-жайды жалға алу;
- үй-жайды безендіру.
3) "Қазақстанның үздік тауарлары" тізімдемесін шығару.
Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқ-дәрілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және шығару.
Сертификаттау жөніндегі органдарды, сынау және өлшеу зертханаларын аккредиттеу,

оның ішінде:
- аккредиттеу және инспекциялық бақылауды жүргізу мақсатында жол жүру және аттестациялық зерттеулерді жүргізу үшін іссапарлық шығыстар;
- байланыс қызметтер көрсету.
Лицензиарлардың функцияларын орындау, оның ішінде:
- құрылыс саласында: сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау, берілген лицензиялардың есебін жүргізу, лицензиаттардың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін және олардың лицензиялық ережелерді сақтауын бақылауды жүзеге асыру, 156174 дана қосымшалары бар лицензия бланкілерін жасау жөніндегі қызметтер көрсетулерді сатып алу;

- стандарттау саласында: "Pantone" түсті атлас қосымшасы бар 400 дана лицензия бланкі-лерін жасау. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау бойынша шараларды жүргізу, оның ішінде:
1) жарнамалық-ақпараттық өнімді шығару (Бұқаралық Ақпарат Құралда-рында ақпаратты орналастыру, www.kazinvest.kz <http://www.kaz-invest.kz> веб-сайтты жа-ңарту);
2) саммиттер, кон-ференциялар, се-минарларды ұйым-дастыру және өткізу;
3) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңе-сінің қызметін (синхрондық аудар-ма, дыбыскүшейткіш үшін үй-жайды, көлікті, жабдықты жалға алу, байла-

ныс, фото-қызмет-тер көрсету, гүл-мен безендіру, өкілеттік шығын-дар) қамтамасыз ету.
Көрмелік-жәрмең-келік жұмыстар жүргізу арқылы қазақстандық тау-арлардың экспорт-тық қозғалысына жәрдемдесу, сауда саласында туатын мәселелерді шешу, оның ішінде:
1) Ганновер жәр-меңкесіне қатысу - 2005 ж. Ган-новер қаласы (Германия феде-ративтік Респуб-ликасы);
2) "Экспо-2005 АИЧИ" көрмесіне қатысу (Жапония);
3) Үрімші халықа-ралық сауда-эконо-микалық жәрмеңке-сіне қатысу;
4) Қазақстан Рес-публикасының Индус-триялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың қоры-тындыларына арналған іс-шаралар кешенін жүргізу.
Шағын кәсіпкер-

лікті мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралар жүргізу, соның ішінде: 1) шағын кәсіпкерліктің салық салу жүйесіне зерттеулер жүргізу; 2) кәсіпкерлерді оқыту үшін әдістемелік құралдар әзірлеу және оның шығаруын қамтамасыз ету; 3) мемлекет тарапынан кәсіпкерлік қызметті қолдау және дамыту бойынша шараларды одан әрі әзірлеу үшін қажет ғылыми негізделген кепілдемелерді алуға арналған зерттеу; 4) семинарлар, кәсіпкерлер форумын өткізу. 25 позиция бойынша тауар рыноктарын зерттеу жөніндегі іс-шараларды өткізу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің аумақтық органдарын | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

штат санының бекітілген лимиті бойынша 290 бірлік санда ұстау. Белгіленген нормативтік қалыпқа сәйкес 32 бірлік сандағы автокөлікті ұстау және жалдау. Оларды сатып алу саласында сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін тауар үлгілерін сатып алу және сынау, соның ішінде:
1) Мынадай бағыттар бойынша 5040 тауар үлгілерін сатып алуды жүзеге асыру:
- адам терісімен, тамақпен және сумен жанасатын халықтық тұтыну тауарлары;
- құрылыс материалдар және конструкциялар;
- дәрі-дәрмек;
- медициналық бұйымдар және санитарлық-гигиеналық арнауы бар құралдар;
- халық шаруашылық өндірісі мен тамақ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өнеркәсібінің өнімдері; - отындық шикізат; - ойыншықтар. 2) Тіркелген зертханаларды сатып алынған өнімдерге сынау жүргізуі - 5040 сатып алу. | | |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес сатып алулар, оның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту. Орташа жылдық оқитындардың саны - 216 адам. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Мына жабдықтарды сатып алу: N 1 жұмыс жиынтығы - 3 данада салмағы бойынша сауда операцияларын жасау кезінде бөлінетін тауарлардың құрамына ықшам метрологиялық қадағалау үшін, | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | N 2 жұмыс жиынтығы - 3 данада көлем бойынша сауда операцияларын жасау кезінде бөлінетін тауарлардың құрамына ықшам метрологиялық қадағалау кезінде тығыздығын анықтау үшін, жеткізу, монтаждау, іске қосу, үйрету. 25 жинақ жиһаз сатып алу. | | |
| 6 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Ақпараттық жүйелерді және жергілікті міндеттерді жүргізу. Интернет жүйесіне қол жеткізу жөніндегі қызметтер көрсету және электрондық пошта қызметтері үшін төлеу. Компьютерлік техникаға жүйелік қызмет көрсету. Есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету. Жиынтықтарды, қосалқы бөлшектерді және шығыс материал- | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дарын сатып алу. Мына есептеу техникасы құралдарын: дербес компьютерлер - 183 бірлік; сервер - 1 бірлік; ноутбуктар - 12 бірлік; түрлі түсті принтер - 1 бірлік; тораптық принтер - 9 бірлік; жергілікті принтер - 74 бірлік. Мына лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етулерді сатып алу: Сервистік тораптық вирусқа қарсы бағдарлама - 1 жиын; Клиенттік вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету - 22 бірлік; Microsoft Office XP бағдарлама өнімі - 41 бірлік; 1С бухгалтериялық бағдарлама өнімі - 1 жиын; "Заңгер" анықтамалық құқықтық жүйесі" бағдарламалық өнім - 1 жиын. |
| 7 | 100 | Шет елдегі сауда | Қазақстан Республикасының Ресей | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өкілдік-терінің қызметін | Федерациясындағы саны 8 адамнан тұратын сауда қамтама-сыз ету | | Индустрия және сауда министрлігі өкілдігін ұстау. 1 бірлік авто-көлік, 4 бірлік дербес компьютер, 2 бірлік принтер, 3 жиын жиhаз сатып алу. |
| 8 | 101 | Қазақстан-ның Дүние-жүзілік сауда ұйы-мына кіруі | Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бойынша Индустрия және сауда министрлігінің шығыстары, соның ішінде: - Астана қаласындағы және Женева қала-сындағы көп жақты келіссөздерді, сондай-ақ матери-алдарды аударуды жасайтын ағылшын және мемлекеттік тілдерінің кәсіби аудармашыларының қызмет көрсетуле-рін төлеу; - Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығымен және Жұмыс тобына мүше-елдермен (30-ға тарта) халықаралық байланыстық қызмет көрсетулер, Интернет; | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

халықаралық байланыс қызметтері; Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі семинар мен конференциялар ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;
- осы бағдарламаны іске асыру үшін өзге де тауарларды және қызметтер көрсетулерді сатып алу;
- өкілеттік шығыстар;
- Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі процесі туралы телебағдарламалар мен сюжеттер өндіру жөніндегі қызметтер көрсету;
- Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің салдарларын бағалау бойынша жұмыстар жүргізуге қызметтер көрсетулерді сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелген функцияларды сапалы және уақытында орындау. Қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес

мемлекеттік қызметтің кәсіби талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына 317-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға кредиттер беру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 42000000 мың теңге (қырық екі миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының аумақтарында тұрғын үй салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар. лама коды | Кіші бағдар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 002 | Облыстық бюджеттерге Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға кредиттер беру | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2004 жылға тұрғын үй салуға республикалық бюджеттен кредиттік қаражаттар аудару. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 863,8 мың шаршы метр көлемінде тұрғын үй салуға арналған кредит беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына 318-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мырғалымсай кен орны кеніштерін жою" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 266619 мың теңге (екі жүз алпыс алты миллион алты жүз он тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Кентаукеніштерінжою" Республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 қазандағы N 1488 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің

қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мырғалымсай кен орнының кеніштерін жою.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мырғалымсай кен орнының кеніштерін жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мырғалымсай кен орны кеніштерін жою | Мырғалымсай тау-кен орнының 13 кендерін жою консервациялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу: 1. Баялдыр қалдық-сақтау аумағын жоспарлау жөніндегі жұмыстарды бастау. 2. Жерлік жұмыстар. 3. Темір бетон лотогынан бастап Қошқорған су қоймасына дейінгі су лақтырындысының ашық арнасын үңгілеу. 4. 372В ұңғысының порталынан бастап Кентау қаласының оңтүстік-батыс | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

ауданына дейін су ағынын ашық өңдеу бөлігін үңгілеу және бекіту.
5. N 1,2,3 ұңғыларын үңгілеуге жарақтау.
6. Үңгілеуге жарақтау (элекр. жабдықтау).
7. N 1,2,3 ұңғыларын үңгілеуге.
8. "Глубокий" кенішінің Клетьев ұңғысынан бастап Кентау қаласының оңтүстік-батысына су ағынын әзірлеу (750 м. тау жынысы).
9. "Глубокий" кенішінің Клетьев ұңғысынан бастап Кентау қаласының оңтүстік-батысына су ағынын әзірлеу (IY тобының топырағы бойынша 1510 м).
10. Су ағынын әзірлеу өткіні кезінде суды төмендету.
11. Жер бетін және жер асты суларын бақылау жөнінде өндірістік мониторинг.
12. Пайдалану

шығыстары.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Кентау, Түркістан және 20-дан аса елді мекен орналасқан жерде қоршаған орта мен экологияны жақсарту.

Мына жұмыстар орындалады:
- аумақтарды жоспарлау;
- жерлік жұмыстар;
- N 1,2,3 ұңғыларын үңгілеу;
- 1000 шаршы м. су ағын өңдеуін үңгілеу және бекіту;
- 300 ш.м. ашық арнасын ұңғылау және темір бетонмен қаптау;
- ашық сутөкпе арнасын өткізу - 3,5 км.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
319-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 25200 мың теңге (жиырма бес миллион екі жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 мамырдағы N 462 қаулысымен енгізілген толықтырулары мен өзгерістері бар "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала салу және құрылыс қызметін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 28, 29-баптары , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Республиканың сейсмоқауіпті өңірлеріндегі ғимараттар мен құрылыстардың сейсмошыдамдылығын арттыру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1778 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің

қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүмкін болатын талқандамалы жер сілкіністері, басқа да табиғи катаклизмалар, географиялық және техногендік құбылыстардың сейсмикалық тәуекелі мен залалын төмендету, негіздерді есептеу және жасау әдістерін жетілдіру жөніндегі міндеттерді іске асыру, химиялық қоспаларды, жаңа материалдарды әзірлеу және сапалы аспаптық бақылау. Келесі жылға арналған қаржыландыруларның мерзімі мен көлемі Үкіметпен және басқа директивті ұйымдармен бекітілген міндеттермен айқындалады және түзетіледі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

- мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын төмендету;
- ғимараттар мен құрылыстардың шыдамдылығы мен ұзаққа төзімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде күрделі-геологиялық жағдайларда құрылыс үшін ғимараттардың іргетастары мен негіздерін тиімді конструктивті шешімдерді әзірлеу;
- импорт алмастыратын құрылыс материалдарын, өнімдерін, конструкцияларын өндіру технологияларының жаңа түрлерін алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 2004 жылы 6 бас- талған тақырып бойынша 2005 жылы зерттеу жұмыстарын аяқтау және 4 жаңа тақырып бойынша зерттеу жұмыстары жоспарланып отыр: 1-бөлім "мүмкін болатын талқанда- малы жер сілкіні- сінің сейсмикалық тәуекелі мен зала- | жыл ішінде | Қазақстан Республика- сының Индустрия және сауда министрлігі |

лын төмендету";
2-бөлім ғимараттар мен құрылыстардың шыдамдылығы мен ұзаққа төзімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде күрделі-геологиялық жағдайларда құрылыс үшін ғимараттардың іргетастары мен негіздерін тиімді конструктивті шешімдерді әзірлеу;
3-бөлім импорт алмастыратын құрылыс материалдарын, өнімдері мен құрылымдарды өндіру технологияларының жаңа түрлерін алу.
Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптауды өткізу жөніндегі қызметтер көрсетуді төлеу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2004 жылы 6 басталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын аяқтау және 4 жаңа тақырып бойынша зерттеу жұмыстары жоспарланып отыр. Құрылыстағы нормативтік-техникалық базаларды және техникалық регламенттерді жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

1354 қаулысына
320-Қосымша

*Ескерту. 320-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 968802 мың теңге (тоғыз жүз алпыс сегіз миллион сегіз жүз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі бюджеттік кодексі , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы Жарлығы ; " Радиоэлектрондық приборлар мен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін әзірлеу, жасау және дамыту" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1956 қаулысы ; "Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 353 қаулысы ; "Ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізудің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 ақпандағы N 177 ҚБПҮ қаулысы (мерзімін ұзарту); "Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургия кешенін дамытудың тұрақты қалыптасуын және стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 ақпандағы N 187 қаулысы , "Жұқпалы ауруларға қарсы жаңа препараттар әзірлеудің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 703 қаулысы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өнеркәсіптің базалық салаларын ( тау-кен-металлургиялық кешен, машина жасау, радиоэлектроника) ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, ішкі өндірісті кеңейтудің және өнеркәсіптің базалық салаларындағы бәсекеге қабілетті машина жасау өнімдерін шығарудың технологиялық процестерін жетілдіру мен модернизациялаудың ғылыми-қорғау объектілерінің құпия ақпараттары мен техникалық сипаттамаларының деңгейіне қатысты техникалық және технологиялық алғы шарттарын құру, Қазақстан Республикасында жоғары технологиялық, импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өнімді құру. Адамдар мен жануарлардың бактериалдық, вирустық және бактериалдық-вирустық ( микст) жұқпалы ауруларымен күресу үшін жұқпалы ауруларға қарсы жаңа препараттар әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: машина жасау саласы үшін, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тау-кен өндіру, мұнай өндіру және қайта өңдеу өнеркәсіптері үшін, жол құрылысы үшін тәжірибелі және тәжірибелі-өнеркәсіптік үлгілер құру жөніндегі ғылымды қажетсінетін ресурстық және энергия үнемдейтін технологиялар ғылыми-зерттеу және тәжірибелі құрастырмалық жұмыстар жүргізу; арнайы мақсаттағы техника, жабдықтар мен құралдар шығару;

электроэнергетика, көліктік құбырлар және көлік құралдарының құрылысын бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын және өнеркәсіптік кешенін ақпараттық-телекоммуникациялық қамтамасыз ету жөніндегі жүйелік жобаларды әзірлеу және іске асыру, арна жасайтын аппаратураны, коммуникацияларды және терминалдық құрылғыларды, мобильдік байланыс құралдарын, сондай-ақ бақылау және диагностика аппаратураларын қоса алғандағы ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін отандық өндірістің приборлар-құралдар паркін құру. Өндірістік процесте отандық жинақтық өнімнің үлесін өсіру жөніндегі ұйымдық-техникалық іс-шаралар әзірлеу және іске асыру; жоғары рұқсат етілген ғарыштық түсірілімдерді пайдалану арқылы геоақпараттық жүйелер мен технологияларды құру, сандық электрондық карта жасау үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; мемлекеттің қорғаныстық қабілетін және қауіпсіздігін, оның ішінде, басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қамтамасыз ету мүдделеріндегі радиоэлектрондық кешендерді, жүйелер мен құралдарды техникалық жасақтауды құру және қамтамасыз ету, қорғалатын ақпаратқа төнген қауіптің барынша мүмкін түрлерін бағалау және қарсы әрекет етудің барынша оңтайлы тәсілдерін анықтау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің отандық әдістері мен құралдарын дамыту мен пайдаланудың басым бағыттарын таңдау, ақпаратты қорғау саласындағы техникалық әзірлемелерді жүзеге асыру; құрастырмалық құжаттамаларды ғылыми зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізінде әрбір ақпаратты қорғаудың техникалық құралына әзірлеме; Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургия кешенін тиімді

басқару үшін ғылыми негіздеме мен әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу; тау-кен-металлургия кешені өнімінің бәсекеге қабілеттігін әлемдік рыноктың талаптарына сай өсіру мақсатында жаңа технологиялар әзірлеу және қолданыстағы өндірістерді жетілдіру; жоғары қосымша құны бар экспорттық және импортқа бағдарланған өнімнің номенклатурасын кеңейту бойынша технологиялар әзірлеу; кен, техногендік, теңгерімдегі және қосалқы шикізатты қайта өңдеумен айналысуды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды әзірлеу және игеру; қоршаған ортаға техногендік әсер етуді төмендетуге бағытталған технологиялар әзірлеу; жаңа өндірістерді құру.

Жаңа материалдарды құру бойынша қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу және ғылымды қажетсінетін және Қазақстанның металлургиялық кешеніндегі төртінші және бесінші қайта бөлістің жоғары технологиялық өндірістерін айқындау;

жұқпалы ауруларға қарсы жаңа препараттарға фармакологиялық және иммунологиялық зерттеулер мен клиникаға дейінгі және клиникалық сынақтар жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Технология-лық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Мынадай бағдарламалар бойынша негізгі тапсырмалар мен бағыттарды орындау: "Машина жасауды және жоғары тиімді машина мен жабдықтар жасауды дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған ғылыми-техникалық проблемалары" бұдан | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

- ҒТӨ
2001-2005 жылдарға арналған "Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерге арналған радиоэлектрондық приборлар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" РҒТӨО "Ақпаратты қорғау саласында 2004-2005 жылдарға арналған ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізу" ҒТӨ
Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургия кешенін тұрақты құру мен дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету; "2003-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы металлургиялық кешеннің 4 және 5 қайта бөлістерінің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық

қамтамасыз ету"
ҒТӨ
"Жұқпалы ауруларға қарсы жаңа препараттар әзірлеу" ҒТӨ
Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер көрсету төлемі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ішкі өндірісті кеңейтудің және бәсекеге қабілетті машина жасау өнімдерін шығарудың ғылыми-техникалық және технологиялық алғы шарттарын құру, машина жасау саласы үшін ғылымды қажетсінетін ресурстық және энергияны үнемдейтін технологиялар құру, басым өнеркәсіп салалары үшін машина жасау өнімдерін шығару жөніндегі технологиялық тізбектер кешенін құрудың ғылыми әдістемелік негіздерін құру. Ауыл шаруашылығы, тау-кен өндіру, мұнай өндіру және қайта өңдеу өнеркәсіптері үшін, жол құрылысы және арнайы мақсаттағы техника (тұтану ошақтарын табу жүйелері, арнайы қызметтерді жарықтандыру құралдары, өрт сөндіретін автомобильдер, апаттан құтқару техникасы) үшін тәжірибелі және тәжірибелі-өнеркәсіптік үлгілер құру. Отандық ғалымдардың ғылыми және құрастырмалық-технологиялық жұмыстарын әзірлеу және енгізу;

бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелері үшін бақылау-өлшегіш, арна жасаушы және коммутациялық жабдықтарды сериялық өндіру игерілді, бақылау және диспетчерлендірудің автоматтандырылған жүйелер қатары қолданысқа енгізілді, есептеуіш техника құралдарын отандық өндіру одан әрі жүзеге асырылды. Экологияның, ауыл шаруашылығының, картографияның және геологияның, көліктік коммуникациялар (мұнай және өнім құбырлары жүйесінің, электр беретін желілердің, автомобильдер мен темір жолдардың және т.б.) жүйесін оңтайландырудың міндеттері мен проблемалары қатарын шешу, Қазақстанның аумағын қашықтықтан зондпен тексеру арқылы ақпаратты өңдеу нәтижелерінің негізінде техногендік және табиғи апаттарды болжау және геоақпараттық технологиялар негізінде электрондық карталарды пайдалану қамтамасыз етілетін болады. Қазақстан Республикасының қарулы Күштеріне қазіргі заманғы байланыстар жүйесін жеткізу және техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ радиоэлектрондық қарсы әрекет ету кешендерін әзірлеу

және шығару жүзеге асыратын болады, ақпаратты өңдеудің отандық құралдарын шығару бойынша өндірістік база құрылды.

Нормативтік, құқықтық және әдістемелік база құру саласында ақпаратты қорғау саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық базаның талдауы жүргізілетін және оларды жетілдіру бойынша ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын дамытудың негізгі үрдістерін ескере отырып ұсынымдар, сондай-ақ оларға қарсы әрекет ету тәсілдері әзірленетін болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу саласында ақпараттар жария болуы мүмкін арналарын кешенді зерттеу жүргізілетін болады; көзбояғыш факторлары спекторынан қорғалатын ақпараттың жария болуы мүмкін арналарды анықтау, сондай-ақ оларды әлсірету немесе жабу жөніндегі мейлінше тиімді әдістер таңдап алынды; операциялық жүйелерде және қолданбалы ақпараттық өнімдердегі ақпаратты қорғауда әлуетті қауіптің бар-жоғын және қарсы әрекетін зерттеу әдістерін әзірлеу жүргізілді.

Бағдарламаның міндеттерін іске асыру шеңберінде ақпаратты қорғау үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттері әзірленетін және мақұлданатын болады. Ақпаратты қорғаудың техникалық құралдар партиясы, оның ішінде ақпаратты электрондық өңдеу құралдарына әдейілеп күшпен әсер етудің аппараттық құралдары, сондай-ақ ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі құралдар және техникалық барлауға қарсы әрекет ететін аппараттық-бағдарламалық құралдар әзірленді және шығарылды. Ақпаратты криптоталдаудың негізгі үрдістерін ескере отырып криптографиялық қорғаудың отандық құралдары әзірленді және жасалды.

Қазақстанның минералдық ресурстарын рационалды пайдалануды стратегиялық жоспарлау мен басқару жүйесі қолданысқа енгізілетін болады, кенді жоғалту және құнарсыздандыру азайтылды, пайдалы қазбалар өндірудің ресурстарын үнемдеу технологияларын пайдалану есебінен бұрғылау-қопару жұмыстарының шығындары азайтылды, концентраттар сапасы төмендетілді және байыту кәсіпорындарының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында тапшылықты уытты реагенттер шығыстары сульфидтік полиметалл және байытылуы қиын кендерді байыту технологияларын жетілдіру есебінен қысқартылды, ММК кәсіпорынының зиянды әсері азайтылды және өндірістің қалдықтар жасау жаңа экологиялық таза технологияларды енгізу есебінен қысқартылды, ММК қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін өнімнің жаңа түрлері алынатын болады; қазіргі заманғы материалдарды алудың қағидатты жаңа технологиялары әзірленіп, қара және түсті, сирек кездесетін және асыл металдар негізінде жаңа материалдар алудың қазіргі заманғы технологиялары құрылады, тұтынушыларға барынша қажетті балқымалар мен жаңа материалдар енгізілетін болады; препараттардың әрекет ету тетігі мен олардың фармакологиялық және иммунологиялық қасиеттері зерделеніп, жұқпалы ауруларға қарсы препараттарға клиникаға дейінгі және клиникалық сынақтар жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
321-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Стандарттау, сертификаттау, метрология және сапа жүйесі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10500 мың теңге (он миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 6, 17-баптары, " Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы , " Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5-бабы , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының , "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы , "2005 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2005-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысының 5.3.3.4-тармағы, "Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004 -2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2004 жылғы 6 ақпандағы N 148 қаулысының 8.2 және 8.4-тармақтары, "Қазақстандық кәсіпорындардың ИСО 9000 және 14000 халықаралық стандартына көшуін жеделдетудің 2004-2005 жылдарға арналған жұмыс жоспары" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 28-ө Өкімінің 2 және 3-тармақтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сапаны басқарудың қазіргі заманғы, тиімді әдістерін енгізуді қамтамасыз ету, тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттігін және сараптамалық мүмкіндіктерін көтеру; мұнай химия саласында стандартты анықтамалық деректерді пайдаланудың қазіргі жағдайын зерттеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазіргі жағдайдың негізінде мұнай химиясы саласындағы физикалық константтар және заттар ерекшеліктері мен материалдар туралы стандартты деректер анықтамалықтарының кестелерін әзірлеу; ғылыми зерттеулер; ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнімдерін өндіру мен іске асыру саласындағы сапа менеджменті мен НАССР жүйесін әзірлеу кезінде туындаған проблемаларды талдау; МС ИСО 9001 менеджмент сапасының жүйесі және азық-түлік өнімдерін өндіру және іске асыру саласындағы НАССР жүйелері бойынша ұсынымдар әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Стандарттау, сертификат- тау, метроло- гия және сапа жүйесі саласында- ғы қолдан- балы ғылыми зерттеулер | ИСО 9000 халықара- лық стандарттарын және азық-түлік өнімдерін оның ішінде шағын және орта бизнес салаларындағы кәсіпорындарындағы - 1 есеп-қисап өндіру мен іске асыру саласындағы сапа менеджменті мен НАССР принцип- теріне негізделген стандарттарды ен- гізу кезінде туын- даған проблемалар- ды талдау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары. НАССР принципте- | жыл ішінде | Қазақстан Республика- сының Индустрия және сауда министрлігі |

ріне, оны ендіру алгоритмдеріне негізделген сапа менеджменті жүйелерін құру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу:
2. Мұнай химиясы саласындағы ғылыми-зерттеулерді жүргізу. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамалар өткізуді ұйымдастыру.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ұсынымдармен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы және мұнай химиясы саласындағы стандартты анықтамалық деректерді пайдалану туралы 3 есеп-қисаптар әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
322-Қосымша (құпия)

*Ескерту. 322-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
323-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Астана қаласында эталондық орталық салу"**

**деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1200000 мың теңге (бір миллиард екі жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабы , "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 10-бабы , "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта жедел жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында өлшем бірліктерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің техникалық негізін жасайтын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын ұстау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: эталон орталығы ғимаратын орнату, технологиялық қамтамасыз ету және авторлық және техникалық қадағалауларды жүзеге асыру, құрылыстың басқа да қажеттіліктері мен жабдықтарын алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Астана қаласында эталондық орталық салу | Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 17 ПИР қорытындысы белгіленген тәртіппен алынған | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

және жобалық-сметалық құжаттамалардың бекітілуіне сәйкес Астана қаласында Эталондық орталықтың құрылысын жалғастыру

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Астана қаласында Эталондық орталықтың құрылысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
324-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі ақпараттық жүйені дамыту" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4467 мың теңге (төрт миллион төрт жүз алпыс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы заңы , "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1268 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Шағын кәсіпкерлік субъектілерін санын одан әрі өсіруге жағдайлар жасау, шағын бизнестің (кәсіпкерліктің) ішкі жалпы өнім құрылымындағы үлесін ұлғайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін талдау,

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдау жөнінде ақпараттық жүйелердің жұмысы үшін телекоммуникациялық жабдықтар сатып алу, шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдаудың сапалы инфрақұрылымын құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Қазақстан Республика- сында кә- сіпкерлікті қолдау жөніндегі ақпараттық жүйені да- мыту | Компьютерлік тех- ника сатып алу: дербес компьютер- лер 26 бірлік; модемдер (орнатуды қоса алғанда) - 16 бірлік. | жыл ішінде | Қазақстан Республика- сының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Шағын бизнес субъектілерін ақпараттандыру, шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі атқарушы орган мен шағын кәсіпкерлік субъектілері арасындағы шұғыл ақпарат алмасымы, шағын кәсіпкерлік бойынша барлық қатысушылармен ақпараттық алмасымды дамыту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
325-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Стандарттау, метрология және сертификаттау жүйесін жетілдіру"**

**деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 652700 мың теңге (алты жүз елу екі миллион жеті жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі заңының 6, 10, 15 және 17-баптары, "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы , "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5 , 10, 13 және 15-баптары , " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 10, 21-баптары , "Қазақстан Республикасының кейбір кесімдеріне стандарттау және сертификаттау жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 маусымдағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Каспий теңізіндегі қазақстандық секторды игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" (КТҚСИ) 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының халықаралық топтастыру және техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың халықаралық жүйесіне көшуі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі N 1113 қаулысы , "Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігі және оны дамыту шаралары жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 715 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикадағы өлшемдердің бірыңғайлығы мен дәлдігін қамтамасыз етудің техникалық негізі болып табылатын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондық базасын құру және жетілдіру;

өлшемдердің бірыңғайлығы мен дәлдігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының эталондық базасын халықаралық эталондарға сәйкес келтіруді қамтамасыз ету. Өлшемдер нәтижелерінің дұрыс болмауынан экономикалық шығындарды қалыптастыру;

өлшемдердің бірыңғайлығы мен дәлдігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының эталон базасының халықаралық эталондарға сәйкестігін қамтамасыз ету;

Уақыт пен жиілік өлшемдерінің бірыңғайлығын қамтамасыз етуге және Жер айналысының параметрлерін анықтауға бағытталған өңіраралық және салааралық

жұмыстарын үйлестіру мен орындау;
стандарттау жөніндегі халықаралық жұмыстар тәжірибесіне көшу;
Қазақстан Республикасының әлемдік рынокқа шығуына жағдай жасау үшін мұнайгаз саласындағы мемлекеттік жүйелерін стандарттау, метрология және сертификаттаудың жетілдіру және дамыту, ДСҰ-ға кіруге дайындық.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының эталондық базасын құру үшін эталондар мен эталондық жабдықтарды сатып алу;

- мемлекеттік эталондарды ұстау;

- халықаралық стандарттар тараптарына сәйкес мемлекеттік стандарттарды, ережелер мен ұсыныстарды әзірлеу және қайта қарау;

- өнімдер мен оларды сынау әдістеріне арналған стандарттарды үйлестіру жөніндегі жұмыстар үшін қажетті нормативтік базаларды құру;

- экономика салаларында тексеру жұмыстарын ұйымдастыру үшін тексеру зертханаларын құру;

- республикадағы қолданыстағы 10 жіктеуіштерді сараптау және техникалық-экономикалық қызметінің (ТЭИ) бір мемлекеттік сыныптаушысын әзірлеу, оларды халықаралық талаптармен үйлестіру;

- келісу және сараптамалар жүргізу қамтитын шынайы жағдайында мемлекеттік жіктеуіштерін ұстау, сондай-ақ мемлекеттік жіктеуіштердің деректер базасына өзгерістер енгізу;

- сыныптаманың бірыңғай жүйелерін енгізу үшін жағдайларын құру және Қазақстан Республикасындағы техникалық-экономикалық ақпаратты кодтау;

- ТЭИ сыныптамасы бойынша Депозитарий мен Депозитарий жеткізушілерінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;

- Депозитарий жеткізушілерімен, техникалық-экономикалық ақпараттар алмасу және депозитарийларды толтыру мақсатында шетел мемлекеттерін стандарттау жөнінде халықаралық ұйымдардың ақпараттық орталықтары мен нормативтік қорларымен өзара іс-қимыл;

- техника-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеулерін қалыптастыру, есепке алу, сақтау және өзектілігін ұйымдастыру;

- өлшеу құралдарындағы тексеру және калибрлі нәтижелердің лабораторияаралық салыстыруларын өткізу;

- техникалық реттеу мен нормативтік-құқықтық саласында оларды халықаралық талаптарға сәйкес үйлестіру мақсатында қолданыстағы нормативтік-құқықтық кесімдерді сараптау. Өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық реттеу мен техникалық нормаларды енгізу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Стандарттау, метрология және сертификаттау жүйесін жетілдіру | Республикада сомасы 302750,0 мың теңгеде физикалық ұзындық бірліктің ұлттық эталондық базасын құру: оның ішінде метрологиялық аттестаттау бағдарламасын сатып алу, оқыту, әзірлеу, жеткізу, монтаждау, мемлекеттік эталондар құру үшін эталондық жабдықтарды іске қосу, пайдалануға беру және 7 бірлік санда метрологиялық аттестаттау. Мемлекеттік эталондарды 141632,0 қамтамасыз ету және қызмет көрсету, соның ішінде: 1. Мәжілістерге, семинарларға қатысуды жүзеге асыру шеңберінде эталондарды салыстырып қарауды | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

жүргізу - 17 бірлік мемлекет-аралық және халықаралық деңгейде салыстыру эталондарын ұйымдастыру және өткізу, таяу және алыс шетел елдерінен - метрология бойынша ғылыми-зерттеу институттарында 5 мамандарды оқыту.
2. Эталондарға қызмет көрсету - 57 адам.
3. Эталондар мен эталондық жабдықтарға сервистік қызмет көрсету және 11 эталон енгізу.
4. Өңірлік эталондар кешенін жарақтандыру және жұмылдыру.
Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды әзірлеу және сатып алу.
Стандарттарды жалпы сомасы 120560,0 мың

теңгеде талдау және жүйелендіру, оның ішінде:
- 120 мемлекеттік стандарттарды әзірлеу:
1-кезең. Стандарттардың, ережелер мен ұсынымдардың бірінші редакциясын әзірлеу.
2-кезең. Стандарттардың, ережелер мен ұсынымдардың соңғы редакциясын қайта әзірлеумен байланысты атқарылатын жанама жұмыстардың бір бөлігін жүргізу. Түсіндірме жазба мен пікірлердің жинағын құрастыру.
3-кезең. Стандарттың, ереженің және ұсынымның жобасын бекітуге әзірлеу, "Стандарт ісін" жасау, сараптама, бекіту, тіркеу.
- Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы халықаралық,

өңірлік және ұлттық стандарттарды аудару және сатып алу. Әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы бар қызмет салаларында пайдаланылатын өлшеу, оның ішінде сомасы 41500,0 мың теңгеде көмекші жабдықтарды және сынау, іске-қосу, монтаждау, үйрету, жеткізу құралдары үшін сынау жұмыстарын ұйымдастыру және сынау зертханаларын құру. Техникалық-экономикалық ақпаратты 5000,0 мың теңге сомасында жіктеу мен кодтаудың бірыңғай жүйелерін құру және дамыту, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпараттарды жіктеу-кодтаудың бірыңғай жүйелерін енгізу және құру;

- республикада қолданыстағы 10 топтамаларды сараптау және техникалық-экономикалық қызметтердің бір мемлекеттік топтамаларын, олардың халықаралық талаптармен үйлесімділігін әзірлеу;
- шетел мемлекеттерінің стандарттары бойынша халықаралық ұйымдардың нормативтік қорлары мен ақпараттық орталықтары, Депозитарий жеткізушілерімен өзара іс-әрекет;
- техникалық-экономикалық ақпараттардың мемлекеттік топтамаларын (анықтамаларды) белсендендіру және есептеуді, сақтауды, қалыптастыру.
Өлшеу құралдарын 6258,0 мың теңге сомасында тексеру және калибрлеудің нәтижелердің зертханааралық

салыстыруын ұйымдастыру және жүргізу.
Техникалық реттеу саласындағы сомасы 35000,0 мың теңгеде нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу, оның ішінде:
- техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді үйлестіру үшін мемлекетаралық техникалық регламенттерді талдау жүргізу және жобалар әзірлеу - 12 бірлік;
- техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді сараптау - 8 бірлік.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: саны кемінде 7 бірлік мемлекеттік эталондар құру үшін эталондық жабдықтар сатып алу, сондай-ақ өлшеудің дәлдігін арттыру, өлшем бірлігінің құралдарын тексеруге кететін шығынды азайту, материалдық және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға қатысуы үшін халықаралық талаптарға сәйкестендіру.

Кемінде 17 эталондар мен эталондық жабдықтарды салыстырып қарауды жүргізу, 57 қызметкерлердің эталондарға қызмет көрсету, халықаралық семинарларда кемінде 5 маманның біліктілігін арттыру, эталондарды қолданысқа енгізу, жабдықтарға сервистік қызмет көрсетуі, аймақтық эталондық орталықтарын жарақтандыру және жұмылдыру,

денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және сауда-экономикалық операциялар саласында өлшем бірліктерін қамтамасыз ету.

120 стандарттар әзірлеу, стандарттау, метрология және сертификаттау саласында 300 нормативтік құқықтық құжаттар сатып алу.

Мемлекеттік топтама жөніндегі бірыңғай библиографиялық деректер базасына қажетті жабдықтарды сатып алу, ТЭИ-дің 10 жіктемесін енгізу, техникалық-экономикалық қызметтің бір мемлекеттік топтамашысын әзірлеу олардың халықаралық стандарттармен үйлесімдігі.

Аккредиттелген зертханалармен жүргізілетін сынауды, тексеруді, калибрлеуді және олардың мамандарының біліктілігін растау сапасын қамтамасыз ету.

Халықаралық техникалық регламентке Қазақстанның енуі туралы 12 сайлау бюллетенін ұсыну, техникалық реттеу саласында 8 заң жобасы бойынша сараптамалық қорытындылар дайындау.

Бағдарламаның іске асуы бәсекеге қабілетті отандық өнімді көтеру үшін қолайлы жағдай туғызуы мүмкін және оның әлемдік рынокқа ықпалдасуы, сондай-ақ ТБТ бойынша ДСҰ Келісімінің ережесіне сәйкес техникалық заңнамаға жылдам әкелуі үшін жағдай туғызуы мүмкін, сол арқылы Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
326-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 177725 мың теңге (бір жүз жетпіс жеті миллион жеті жүз жиырма бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 28 және 29-бабы , "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы , "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға

арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы , "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1778 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 462 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Білім беру" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 448 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Халықтың денсаулығы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы , "2003-2005 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 ақпандағы N 128 қаулысы , "Салауатты өмір салты" кешендер бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 905 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Экономиканың базалық салалары объектілерінің құрылысын жобалаудың нормативтік базасын жетілдіру және жаңарту, халықаралық стандарттар мен нормалар, сондай-ақ ТМД елдерімен қолданыстағы нормативтерді үйлестіру.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен тұрғызылатын ауылдық жерлер үшін әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі объектілерінің құрылысы үшін қажетті жобалық-сметалық құжаттаманы қамтамасыз ету. Кейінгі жылдарға арналған қаржыландырудың соңғы мерзімдері мен көлемдері Үкімет және өзге де дерективтерді ұйымдар белгілеген міндеттермен айқындалады және түзетіледі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: сметалық-нормативтік құжаттаманы жетілдіру және сметалық нормалардың базаларын кеңейту;

- сәулет, қала құрылысы қызметі мен құрылыстық жобалау саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және қайта өңдеу;

- үдемелі материалдарды, инженерлік жабдықтарды және тұрғын үй-азаматтық және өнеркәсіптік құрылыстағы технологияларды пайдалана отырып, жобалық ұсыныстар, техникалық шешімдер әзірлеу;

- құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды түзету және мемлекеттік тілге аудару, аумақтарды ұйымдастыру, халықаралық нормалар мен ережелер, ТМД елдерінің өзара мүдделері бар объектілерді жобалау және құрылыс үшін нормалардың талаптарына үйлестірілген стандарттар саласында біздің заңнамалық базамызға бейімделген нормативтерді әзірлеу және сатып алу;

- іздестіру, жобалау, құрылыс, тұрақтылық, беріктік, жарылыс-өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі, отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету

мәселелері жөнінде жалпы техникалық нормативтік құжаттар базасын қалыптастыру.

1. Табиғи-климикалық және сейсмикалық жағдайлары әр түрлі аудандар үшін қазіргі заманғы мына үлгілік жобаларды әзірлеуді аяқтау:

1) орташа және ірі ауылдық елді мекендер, сондай-ақ қала түріндегі кенттердегі құрылысын салу үшін мектеп-интернаттар;

2) орташа және ірі ауылдық елді мекендер, сондай-ақ қала түріндегі кенттерде салу үшін босанатын бөлімдер бар көпсалалы ауруханалар;

3) ірі ауылдық елді мекендер мен аудан орталықтарында салу үшін туберкулезге қарсы ауруханалар (диспансерлер);

4) орташа ауылдық елді мекендер мен қала түріндегі кенттерде босанатын үйлердің құрылысын салу.

2. Үлгілік жобалық құжаттаманы көп қайтара пайдалану, үлгілік жобаны, сатып алуды, сондай-ақ оны нақты аймақты жерге және инженерлік қамтамасыз ету шарттарына бекітуге ақы төлеу шығындарын көздейтін оны әзірлеуге шығындарды азайту.

3. Қасақана немесе байқаусыз жобалау тапсырмасына және жобаға негізсіз қымбаттауларды немесе құрылыс-монтаждау жұмыстардың жоғары көлемдерін салуға мүмкіндік бермейтін ұтымды үлгілік, технологиялық, көлемді-жоспарлық, құрылыстық-құрастырмалық және инженерлік жобалық шешімдер.

4. Қоршайтын құрылымдардың техникалық шешімдері альбомдарын тиімді материалдарын (ұялы бетон, полистирол бетон, ұсақ даналы бетон) пайдалана отырып, әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Сәулет, қала құры- лысы және құрылыс қызметі саласындағы норматив- | 1. Республикалық деңгейдегі жоба- лық-іздену, құрастырмалық және технология- лық жұмыстар 2005 жылы құрылыс | жыл ішінде | Қазақстан Республика- сының Индустрия және сауда министрлігі |

| | |
|---|---|
| тік-техникалық құжаттарды жетілдіру | саласында - 42 бірлік нормативтік техникалық құжаттар әзірлеу және қайта өңдеу жоспарланды және 988,5 жетілдіру бірлік нормативтердің шартты беттерін (ҚР СниП, ҚР СН, ҚР РДС, ҚР СП және ҚР СТ) мемлекеттік тілге аударылады және 2 тақырып бойынша жұмыстар жалғасады. 1-бөлім 9-құжат санында "Қазақстан Республикасының сметалық-нормативтік базасы, құрылыс саласындағы экономикалық нормативтер мен әдіснама"; 2-бөлім "Сәулет, қала құрылысының қызметін реттеу үшін нормативтік-құқықтық құжаттама әзірлеу" - 6 құжат; 3-бөлім "Нормативтік құжаттарды, жобалық ұсыныстарды, |

техникалық шешімдерді үдемелі материалдарды, инженерлік жабдықтарды және тұрғын үй азаматтық және өнеркәсіптік құрылыстағы технологияларды пайдалану арқылы әзірлеу - 4 құжат;
4-бөлім "Құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды түзету және мемлекеттік тілге аудару;
5-бөлім тұрғын үй-коммуналдық саласындағы нормативтік-техникалық кесімдерді әзірлеу - 1 құжат.
Жалпы сомасы 68900,0 мың теңгені құрайды.
2. Құрылыс саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар сатып алу.
Техникалық нормалардың

17 бірлігін әзірлеуді аяқтау, оның ішінде және 2004 жылы басталған 4 тақырып бойынша нормативтік құжаттарды әзір-леуді аяқтау, аяқталу мерзі-мі 2005 жылға жоспарланған 4 тақырыпты әзірлеуді бастау. 9 Мемстандарттар сатып алу. Жалпы сомасы 15000,0 мың теңге. 3. Үлгілік жоба-ларды әзірлеу. 4. Үлгілік жоба-ларды әзірлеуді аяқтау. Үлгілік жобаларға мемлекеттік сараптау жүргізу. Мемлекеттік са-раптаудың үлгілік жобаларын жүргізу. 16 үлгілік жобаны әзірлеуді жалғас-тыру және мына тақырыптардағы 5 үлгілік жобаны әзірлеу жөнінде жұмысты аяқтау. 1) орта ауылдық мекендер, сон-

дай-ақ I В қалалық түрдегі ауылдар мен III А қарапайым климаттық жағдайлары бар аудандарда қымбат емес тұрғын үйлер құрылысын салу;
2) орта ауылдық елді мекендерде, сондай-ақ II В қала түрдегі ауылдар мен III В қарапайым климаттық жағдайлары бар аудандарда қымбат емес тұрғын үйлер құрылысын салу;
3) орта ауылдық елді мекендерде, сондай-ақ IV А қалалық түрдегі ауылдар мен IV Г қарапайым климаттық жағдайлары бар аудандарда қымбат емес тұрғын үйлер құрылысын салу;
4) орта ауылдық елді мекендерде, сондай-ақ сейсмикалық белсенділік жоғарлығы 7 балл болатын I В климаттық аудандарда қымбат емес тұрғын үйлер құрылысын

салу; 5) орта ауылдық елді мекендерде, сондай-ақ сейсмикалық белсенділік жоғарылығы 8 балл болатын III В климаттық аудандарда қымбат емес тұрғын үйлер құрылысын салу. Жалпы сомасы 83825,0 мың теңгені құрайды. 5. 2005 жылы қоршайтын құрылымдардың техникалық шешімдері альбомдарын, тиімді материалдарды пайдалана отырып, әзірлеу жоспарланды. Жалпы сомасы 10000,0 мың теңге.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сандық нәтиже: 2005 жылы 42 бірлік нормативтер әзірленді және қайта әзірленді, сондай-ақ 988,5 бірлік нормативтердің шартты беттері мемлекеттік тілге аударылып, қайта басылып шығарылды және 2 тақырып бойынша жұмыстары жалғасады. 8 бірлік техникалық нормаларды әзірлеуді аяқтау және 9 МЕМСТ сатып алынды. 4 үлгілік жобалардың әзірлемелері аяқталды, 16 үлгілік жобалардың әзірлемелері жалғастырылады және 5 үлгілік жобалардың әзірлемелері бойынша жұмыстар басталады.

Сапалы нәтиже: дамыған елдердің тиісті ілгері техникалық регламенттеріне сәйкес құрылыста нормативтік құжаттар қолданысқа енгізілді.

Республика қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін және сауда-экономикалық қатынастардағы шектеулерді бағдарлайтын мемлекетаралық нормалармен және

стандарттармен қамтамасыз ету.

Материалдардың түрлері бойынша техникалық шешімдердің альбомдарын әзірлеуді аяқтау. Әзірлеуді аяқтау республиканың қазіргі заманғы талаптарға кешенді үлгілік жобаларын және техникалық шешімдерін альбомдармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
327-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жаңа технологияларды құру және дамыту" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 92000 мың теңге (тоқсан екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламаларын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: әлемдік рынок үрдістерін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы өңдеу өнеркәсібінің бәсекелестігін құру мақсатында зерттеулерді жүргізудің жағдайларын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлемдік рынок үрдістерін ескере отырып, маркетинг, бизнес стратегиясы саласында кеңестік қызметтер көрсетуді ұсыну, бұдан әрі сараптамалық зерттеулерді жүзеге асыру жолымен кластерлерді дамытуды қамтамасыз ету;

өңдеуші өнеркәсіп саласын дамыту мен әртараптандыру мақсатында кен-металлургия кешенін кәсіпорындарына зерттеу жүргізу үшін жағдайлар жасау;

барынша перспективті технологияларды және осмий-187 изотопының қолдану саласын табуды және барынша перспективалық технологияларды әзірлеу мақсатында отандық зерттеулерді жүргізу үшін жағдайларды қолдау және құру (құпия).

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Жаңа технологияларды құру және дамыту | Мынадай іс-шаралардың негізгі міндеттері мен бағыттарын орындау: "Маркетингтік-сараптамалық зерттеулер және J.E" Austin Associaates Inc американдық консалтингтік компаниясы" АҚ зерттеулер нәтижесінде класстерлерді дамытудың көрінгенді және маркетинг, стратегия, бизнес, технологиялар саласындағы консультативтік қызмет көрсетулерді ұсыну, талдау зерттеулерін жүргізу. Қазақстан Республикасындағы тау кен-металлургиялық кәсіпорындардың технологиялық | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

сипатын зерттеу. Перспективті технологияларды әзірлеу жөнінде отандық зерттеулерді қолдау (нанотехнологиялар, жаңа материалдарды құру): Қазақстанның көміртегі шикізатынан құрамында бағалы қышқылы бар органикалық қосындылардың синтезі үшін наноқұрылымдық катализаторларды алу;
Түрлі мақсаттағы нанокөмірқышқылды материалдарды синтездеу және зерттеу, объектілердің құрылымын қалыптастыру және дәнекерлеу;
Осмий-187 изотопын қолдану саласын айқындау (құпия)

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы кластерлік дамытудың перспективалық бағыттары үшін кепілдемелер беру, конъюнктуралық және маркетингтік зерттеулер негізінде талдамалық материалдар дайындау;

технологиялық сипаттағы кәсіпорындарды зерттеу негізінде оларды дамыту мен диверсификациялау жөніндегі ұсыныстарды бере отырып, тау-кен-металлургиялық

кешенді кәсіпорындарының технологиялық сипаттағы зерттеулер негізінде талдамалық материалдарды дайындайтын болады;

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі негізінде өнеркәсіптің технологиялық сызбаларын жаңғырту және қайта салалау, ғылымды қажетсінетін жоғары технологиялық өндірістерді құру, инновациялық технологиялар мен процестерді енгізу жөнінде ұсыныс дайындайтын, әлемдік технологиялар дамуының келешегі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету негізінде көрсетілген өнеркәсіп салаларындағы басымдықты айқындайтын болады.

Зерттеулер нәтижесінде перспективалық технологиялар әзірленетін болады:

Қазақстанның табиғи көмірқышқыл шикізатынан бағалы қышқыл және фосфорорганикалық қосындыларды алудың селективті процестері үшін жаңа нанометрлік катализаторларын және зиянды зиянкестерден биологиялық белсенді феромондарының синтезін алу.

Нанобъекттердің лазерлік және электрондық-сәулелік әдістерін және технологияларын ұсыну;

талшықты көміртегіні және олардың құрылымдарын қалыптастыру және түрлі мақсаттағы нанокөміртекті материалдарды алу үшін органикалық заттарды карбонизациялау әдісімен әзірлеу және олардың қабаттарының құрылымын қалыптастыру;

түрлі мақсаттағы нанореттеу материалдарын алу;

Осмий-187 изотобын қолданудың физико-химиялық құрамы зерттелген және ұсынылған.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
328-Қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Экспорттық бақылаудың ақпараттық жүйесін дамыту" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 7000 мың теңге (жеті миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 12-14-баптары , " Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы

Заңының 5-1 , 5-2-баптары , "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы , "Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ оларды өндірумен байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологияларды және қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 120 қаулысы , "Қару-жарақты, әскери техниканы, сондай-ақ оларды өндірумен байланысты шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, технологияларды және қызмет көрсетулерді экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 тамыздағы N 1025 қаулысы , "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысы , "Қазақстан Республикасындағы бақылауға жататын есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорлар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы N 186 қаулысы , "Экспорттық бақылауға жататын өнімдердің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экспорттық бақылау саласындағы бірыңғай республикалық бақылау-ақпараттық жүйесін құру және дамыту, Қазақстан Республикасындағы Экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі - ЭБАЖ) жұмыс жасауын және тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ЭБАЖ-ды жаңғырту жөніндегі техникалық тапсырманы әзірлеу, экспорттық бақылаудың келісетін мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл үшін ЭБАЖ-дың жүйесін ақпараттық телекоммуникациялық (АТЖ) қамтамасыз ету, ЭБАЖ қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық жүйені дамыту және ЭБАЖ деңгейлерінің арасындағы деректер алмасымы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Экспорттық бақылаудың | 1. ЭБАЖ-ды одан әрі жаңғырту | жыл ішінде | Қазақстан Республика- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ақпараттық жүйесін дамыту | жөніндегі техникалық тапсырманы әзірлеу. 2. Есептеу және телекоммуникациялық жабдықты сатып алу: компьютерлер - 9 бірлік; принтерлер - 9 бірлік; сканерлер - 9 бірлік; модемдер - 9 бірлік; ҮҚК (үздіксіз қорек көзі) - 9 бірлік. 3. Белгіленген тәртіпте бекітілген техникалық қызметтер тапсырмаларға сәйкес | | сының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: экспорттық бақылауға жататын бақылау өнімінің 80 пайызға дейін қамтитын экспорттық бақылау саласындағы республикалық бақылау-ақпараттық жүйенің жұмыс қабілетін жетілдіру; жүйенің жұмыс істеуі кезінде лицензияны ресімдеу бойынша уақытты және шығыстарды үнемдеу, экспорттық бақылауды жетілдіру үшін инфрақұрылымдар құру, лицензиаттардың деректер қорын құру жоспарланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына 329-Қосымша

*Ескерту. 329-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды институционалдық қамтамасыз ету" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 26193456 мың теңге (жиырма алты миллиард бір жүз тоқсан үш миллион төрт жүз елу алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңы , "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 12 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығы , "Қазақстан инвестициялық қоры Инвестициялық компаниясы акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 501 қаулысы , "Ұлттық инновациялық қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысы , "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ғылыми-инновациялық қызметтің институционалды қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысы , "Ұлттық геостационарлық спутник байланысы мен таратуды құру және шығарудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы , "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1377 қаулысы , "2004 жылға арналған индустриялдық-инновациялық саясатының бірінші кезекті міндеттерін іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 256 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа Қазақстан Халқына жолдауы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан экономикасында жаңа

салаларды құру және дамыту үшін инновациялық инфрақұрылымның және ортаның негізгі элементтері сияқты - Қазақстанда Ұлттық және аймақтық технопарктерді қалыптастыру және дамыту;

Индустриялдық-инновациялық жобаларды, технологиялар трансферті, ғылыми және өндірістік әлеуетін біріктіру, даму институттарының күш салымдарын шоғырландыру және инновациялық жобалар үшін инжинирингтік қызметтер көрсетуді көрсету;

Қазақстан Республикасының даму институттарының жарғылық капиталын толықтыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 018 | Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды институционалдық қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | "Инжиниринг және технологиялар трансферті" АҚ-ның жарғылық | "Инжиниринг орталығы және технологиялар трансферті" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту үшін; 1. Алматы, Қарағанды, Орал қала- | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Инжиниринг және техно- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | капиталын ұлғайту | ларында техно-парктердің жарғы-лық капиталын ұлғайту | | логиялар трансферті орталығы" АҚ |
| | | | | | ұлғайту; |
| | | | | | 2. Алатау кентінде "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын салу және дамыту, соның ішінде: |
| | | | | | - белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптамадан және бекітілуден өткен жобалық-сметалық құжатқа сәйкес Ақпараттық технологиялар паркінің 1-ші кезектегі құрылыс нысанын аяқтау; |
| | | | | | - белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптаудан және бекітуден өткен сметалық құжаттамалар; |
| 3 | 102 | Қазақстан-ның Даму Банкі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазақстанның даму Банкі" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 103 | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-ның жарғылық капиталын арттыру үшін: - инновациялық әзірлемелерді енгізу және коммерциализациялау - венчурлық қорлар құру, - технопарктер, технополистер және басқа да ұлттық инновациялық инфрақұрылымдардың элементтерін құруға қатысу, - ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізу. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Ұлттық инновациялық қоры" АҚ |
